

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сот арқылы алимент өндіру: құқықтық тәртіп пен ерекшеліктер

ЖАРИЯЛАНДЫ 05.05.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР Alimony, alimony payment procedure, children's rights, court process, documents, family law, Kazakhstan legislation, legal regulation, obligations, social protection, Алимент, алимент төлеу тәртібі, Алименты, әлеуметтік қорғау, балалардың құқықтары, докуменсты, законодательство Казахстана, Қазақстан заңнамасы, құжаттар, құқықтық реттеу, міндеттемелер, обязательства, отбасылық құқық, порядок уплаты алиментов, права ребёнка, правовое регулирование, семейное право, сот процесі, социальная защита, судебный процесс	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178790/
---------------------------------	--	---

Сарыбаева Жансая Абдуллақызы

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор Тулекова Гулжан Хажмуратовна

Аңдатпа

Мақала Қазақстандағы алимент өндіру мәселелеріне арналған. Автор отбасылық құқық пен алимент төлеу тәртібін талдай отырып, алимент өндірудің заңды және әлеуметтік аспектілерін қарастырады. Мақалада алимент төлеу үшін қажетті құжаттар, сот тәртібі және тараптардың міндеттері нақты көрсетілген. Сонымен қатар, алимент өндірудің балалардың құқықтарын қорғаудағы рөлі және оның әлеуметтік салдары қарастырылған. Статъяның соңында алимент төлеу міндеттемелері мен олардың ілеуметтік маңызы туралы қорытынды жасалады.

Кілтсөздер: Алимент, отбасылық құқық, алимент төлеу тәртібі, сот процесі, балалардың құқықтары, әлеуметтік қорғау, құқықтық реттеу, Қазақстан заңнамасы, құжаттар, міндеттемелер.

Аннотация

Статья посвящена вопросам взыскания алиментов в Казахстане. Автор, анализируя семейное право и порядок уплаты алиментов, рассматривает правовые и социальные аспекты взыскания. В статье чётко указаны необходимые документы для взыскания алиментов, судебный порядок и обязанности сторон. Также рассматривается роль алиментов в защите прав ребёнка и их социальные последствия. В конце статьи подведён итог об обязательствах по уплате алиментов и их социальной значимости.

Ключевые слова: Алименты, семейное право, порядок уплаты алиментов, судебный процесс, права ребёнка, социальная защита, правовое регулирование, законодательство Казахстана, документы, обязательства.

Abstract

The article is devoted to the issues of alimony recovery in Kazakhstan. The author analyzes family law and the procedure for paying alimony, considering both legal and social aspects. The article clearly outlines the required documents, judicial procedure, and responsibilities of the parties involved. It also discusses the role of alimony in protecting children's rights and its social implications. The conclusion summarizes the obligations of alimony payments and their social importance.

Keywords: Alimony, family law, alimony payment procedure, court process, children's rights, social protection, legal regulation, Kazakhstan legislation, documents, obligations.

Адамзат тарихында отбасылық қатынастар әрқашан қоғамның негізін құрайтын маңызды институттардың бірі болып табылады. Отбасылық қатынастардың шеңберінде алимент өндіріп алу мәселесі, әсіресе баланың құқықтары мен қажеттеліктері тұрғысынан үлкен маңызға ие. Бұл мәселе әртүрлі әлеуметтік, құқықтық аспектілерді қамтиды және әдетте сот арқылы шешіледі. Әсіресе, Қазақстан Республикасының заңнамасында алимент өндірудің тәртібі мен ерекшеліктері жөніндегі нормалар маңызды рөл атқарады.

Алимент – бұл баланың немесе басқа да асырауды қажет ететін тұлғалардың тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету мақсатында төленетін қаражат. Қазақстанда алимент өндіру мәселесі отбасы құқықтары мен азаматтық ақнамасында нақты реттелген және мемлекет балалардың құқықтарын қорғауды басты міндет ретінде қарастырады. Баланың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін алимент төлеуші тараптың міндеттері мен құқықтары айқын белгіленген. Қазақстандағы алимент туралы заңдар ата-аналардың баласына қатысты міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, тіпті егер олар өзара ажырасқан жағдайда да. Бұл мақалада алимент төлеудің негізгі принциптері, талаптары және алиментті өндірудің екі негізгі жолы – тараптардың келісімі мен сот тәртібі туралы айтылатын болады.

Сот арқылы алимент өндіру. Алимент төлеуді қамтамасыз ету үшін заңда бірнеше механизмдер қарастырылған. Біріншіден, алимент өндіру туралы талап сотқа берілген кезде, сот ісін қарау барысында балалардың өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету мақсатында нақты мөлшер белгіленеді. Қазіргі уақытта алимент мөлшері балалардың қажеттіліктері мен әкесі немесе шешесінің материалдық жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Егер ата-аналар арасында келісім болмаса, олар сотқа арыз бере алады.

Сот арқылы алимент өндірудің тәртібі Қазақстан Республикасының «Азаматтық іс жүргізу кодексі» мен «Отбасы кодексінде» нақты көрсетілген. Алимент төлеу туралы даулар мен талаптар бойынша, сот келесі параметрлерді есепке алады:

1. Баланың жасына, денсаулығына және білім алу қажеттіліктеріне
2. Тараптардың қаржылық жағдайына
3. Ата-ананың алимент төлеу мүмкіндігіне

Сот барлық жағдайларды назарға ала отырып, алимент мөлшерін белгілейді. Мұндай даулар көбінесе ажырасу немесе ата-аналардың арасында балаға қатысты келіспеушіліктері болған жағдайда туындайды. Сонымен қатар, сот алимент өндіру жөніндегі дауларды

шешу барысында баланың ең жоғары мүддесін ескереді.

Алиментті өндіру үшін қажетті құжаттар мен талаптар. Алиментті өндіру процесі, әрине, қарапайым емес және белгілі бір рәсімдер мен талаптарды орындауды қажет етеді. Бұл процесс бірнеше кезеңдерден тұрады, және әрбір кезеңде қажетті құжаттарды дұрыс жинап, заң талаптарына сай әрекет ету маңызды. Алимент өнжіру туралы арыз беру үшін ең алдымен қажетті құжаттарды жинақтау қажет. Бұл құжаттар арызды қарау барысында соттың барлық қажетті ақпаратты толық әрі нақты ала алуына мүмкіндік береді.

Алимент өндіру туралы арыз берген кезде келесі құжаттар мен мәліметтер талап етіледі:

1. Арыз берушінің жеке басын куәландыратын құжат. Бұл құжат арыз берілушінің жеке тұлға екенің дәлелдейді және оның құқықтары мен міндеттері туралы мәлімет береді. Бұл құжат паспорт немесе жеке куәдік түрінде болуы мүмкін.
2. Баланың туу туралы куәлігі. Алименттің баланың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында төленетін қаражат екенін ескере отырып, оның құжаттары міндетті түрде ұсынылуы керек. Туу туралы куәлік баланың ата-анасымен байланысын растау үшін қажет.
3. Ерлі-зайыптылардың ажырасқандығын растайтын сот шешімі. Егер алимент талап етілетін тұлғалар ажырасқан болса, ажырасуды растайтын ресми сот шешімі міндетті түрде ұсынылуы тиіс. Бұл шешім алимент тқлеушінің міндеттерін анықтау үшін маңызды.
4. Ата-аналардың еңбек кітапшасы, табыс туралы мәліметтер және басқа да қаржылық құжаттар. Алимент мөлшерін белгілеу кезінде алимент төлеуші таратың қаржылық жағдайы ескеріледі. Сондықтан оның табысы мен қаржылық жағдайын дәлелдейтін құжаттар қажет болады. Бұл мәліметтер алимент мөлшерін дұрыс анықтауға көмектеседі.

Алимент өндіру туралы арыз сотқа берілгеннен кейін, тараптар арасында келіссөздер жүргізілуі мүмкін. Келіссөздер барысында екі тараптың да мүдделері ескеріледі, және олар өзара келісімге келе алады. Алайда, егер тараптар арасында келісімге келіну мүмкін болмаса, соттың міндеті – алимент мөлшерін және төлеу шарттарын белгілеу. Сот тарапынан алимент төлеудің нақты мөлшері мен тәртібі анықталатын болады, сондай-ақ төлемдердің уақытылы және тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылданады.

Осылайша, алимент өндіру процесі құқықтық тұрғыдан күрделі және мұқият дайындықты қажет етеді. Барлық қажетті құжаттар мен талаптарды орындау – бұл құқықтық процестің сәтті өтуіне және баланың қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді.

Алимент төлеудің ерекшеліктері мен міндеттері. Қазақстан Республикасының заңнамасында алимент төлеуші тараптың міндеттері мен алименттің төлеу тәртібі нақты реттелген. Алимент төлеуші ата-ананың міндеттері мыналар:

1. Белгіленген мерзімде алимент төлеу. Алимент төлеуші заң бойынша белгіленген уақытта төлемдер жасайтын болуы керек. Бұл міндетті орындамау алимент төлеушіге санкциялар мен жауапкершіліктер әкелуі мүмкін.
2. Баланың тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету. Алимент төлеу тек баланың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, оның әлеуметтік және медициналық жағдайын да қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады. Бұл баланың толыққанды дамуын қолдауға бағытталған.
3. Ата-ананың жағдайына қарай, алимент мөлшерін уақытылы қайта қарастыру. Алименттің мөлшері баланың қажеттілігіне, алимент төлеушінің әлеуметтік және қаржылық жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл өзгерістер жүйелі түрде заңмен реттеліп отырады.

Алимент төлеу мөлшері әртүрлі болуы мүмкін, бірақ заң бойынша ол

баланың қажеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс. Әдетте, алимент ай сайын төленеді және оған айлық далақының белгілі бір бөлігінен пайыз мөдшерінде төлем белгіленеді. Алименттің мөлшері және төлем тәртібі сот шешімімен анықталады, және оны орындамау баланың құқығына нұқсан келтіруі мүмкін.

Алимент төлеу тәртібі заңмен реттелген және оның орындалуын қадағалау да өте маңызды. Қазақстанда алимент төлеушілердің міндеттерін орындамауы немесе мерзімі кешігіп төлеуі жағдайына түрлі санкциялар мен шаралар қарастырылған. Бұл шаралар:

1. Алимент төлеушінің мүлкіне мәжбүрлеп өндіріп алу. Егер алимент төлеуші өз міндетін орындамаса, сот оның мүлкіне мәжбүрлеп алименттің төленуін қамтамасыз ету үшін өндіріп алуды ұйғаруы мүмкін. Бұл жағдайда алимент төлеушінің жеке мүлкі тәркіленеді немесе банк есепшотынан ақшалай қаражат алынады.
2. Төлеуден бас тартқан жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тарту. Егер алимент төлеуші төлем жасауға толықтай бас тартса немесе жүйелі түрде төлеуден жалтарса, онда оған қылмыстық жауапкершілік салынып, айыппұл немес басқа да шаралар қолданылуы мүмкін.
3. Қарызды жинау үшін түрлі құжаттар мен орындаушы органдардың араласуы. Алимент төлеуден бас тартқан немесе міндетін орындамайтын тұлғаларға қатысты орындаушы органдар арнайы құжаттарды қолдана отырып, алимент төлеуді талап етуге міндетті. Бұл жүйе баланың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Алиментті өндіру мәселесіндегі әлеуметтік аспектілер. Алимент төлеу мәселесі тек құқықтық қана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды. Егер алимент төлеуші өз міндетін орындамаса, балалардың өмір деңгейі төмендеп, бұл қоғамға теріс әсер етуі мүмкін. Балалардың білім алу, денсаулығын сақтау және мәдени дамуы алимент төлеушінің міндеттерін орындауына тәуелді.

Алимент төлеудің әлеуметтік аспектілері баланың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Егер алимент уақытында төленбесе, бұл балалардың негізгі қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауына әкеліп, олардың әлеуметтік деңгейін төмендетуі мүмкін. Бұл қоғамға теңсіздік пен әлеуметтік шиеленістерді арттыруы ықтимал.

Алимент төлеушінің міндеттемелерін орындамауы балалардың болашағына теріс әсер етеді, сондықтан әлеуметтік қызметтердің көмек көрсетуі маңызды. Олар алимент төлеу процесін жеңілдетіп, балалардың құқықтарын қорғау, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге көмектеседі. Осылайша, алимент төлеу тек заңды ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да үлкен маңызға ие.

Сот арқылы алимент өндіру – Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының маңызды саласы. Бұл процесс отбасының заңды тәртіптерін сақтауға, балалардың құқықтарын қорғауға және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағыттылған. Алимент төлеуші таратың міндеттері мен алимент төлеу тәртібі нақты заңмен бекітілген, бірақ оның орындалуын қадағалау да өте маңызды. Баланың қажеттіліктерін ескере отырып, алимент мөлшерін белгіленіп, бұл мәселе ата-аналардың жауапкершілігіне беріледі. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, алимент өндіріп алу – балалардың әлеуметтік қорғау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Алимент өндіру – заңды тұрғыдан күрделі, бірақ маңызды процесс. Қазақстан Республикасының заңдары алимент төлеушінің міндеттерін нақты реттейді. Бұл мәселе балалардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Алимент төлеу арқылы ата-аналар өз балаларының құқықтарын қорғауға және олардың толыққанды дамуына ықпал етеді. Сот алимент өндіру процесін қадағалап, әділ шешім қабылдайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2005.*

2. *Г. К. Баяхметова – Алимент өндіру мәселелері және оны шешу жолдары, 2018.*
3. *М. Ә. Халиков – Құқықтық жүйе және алимент өндіру тәртібі, 2015*
4. *Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 2014.*
5. *М. Н. Измайлов – Құқық негіздері, 2012.*
6. *Б. Т. Кенжебаева – Отбасылық құқық, 2010.*
7. *Қазақстан Республикасының Отбасы кодексі, 2016.*
8. *Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2013.*
9. *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алимент өндіру бойынша шығарған сот актілері мен пікірлері, 2020.*
10. *Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының «Отбасы және балалар құқығын қорғау мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер», 2019.*

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.